

ТЕКСЕРІЛДІ:



02.01.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 05.01 – 09.01. 2025 жыл (2-апта)

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 05.01	Сейсенбi 06.01	Сәрсенбi 07.01	Бейсенбi 08.01	Жұма 09.01
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p align="center">Апта дәйексөзі «Талап бар жерде тәртiп бар» Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Шалқыма» күйі https://zvyki.com/song/48788144/Asylbek_Ensepov_-_Shal_yma/ «Күй күмбірі» күй тыңдау</p>				
Сөздік минимум	Қой, сиыр, жылқы, мысық, ит		Нені?, көрдім. Мен аюды көрдім. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр.		
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жабайы жануарлардың атауларын айту және түсіну</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Аю қандай?» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жабайы жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p>		

	<p>дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балалар, табиғатта қажет тамақтарын тауып, өздерін өздері асырайтын, жаулары мен ауа райы қолайсыздығынан өздері қорғанатын жануарларды қалай атаймыз? Жабайы аң-құстар деп атаймыз Олар қайда тұрады? Орманда. Солтүстікте. Ыстық елдерде тұрады. Адамдар қайда тұрады? Біз үйде тұрамыз. Балалар, қандай жабайы жануарларды білесіңдер? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі жабайы жануарлардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз.</p> <p>Суретпен жұмыс «Тыңда, қайтала» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – аю. Мынау – тү-ү-үлкі. Мынау – қ-қ-қасқыр. Мынау – қ-қ-қоян. Мынау – кірпі-і-і. Мынау – арыстан. Мынау – жолбарыс. Мынау – піл.</p>		<p>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Есте сақтайық! Мен Көрдім Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім. Мен арыстанды көрдім. Мен пілді көрдім.</p> <p>Сұраққа жауап бер «Сен нені көрдің?» Мен аюды көрдім. Мен түлкіні көрдім. Мен қоянды көрдім. Мен қасқырды көрдім. Мен арыстанды көрдім. Мен пілді көрдім.</p> <p>Үлгі бойынша айт Мынау – қоян. Ол кішкентай. Оның түсі ақ. Мынау – аю. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр. Мынау – түлкі. Ол кішкентай. Оның түсі қызғылт сары.</p> <p>Қимылды әрекет Зообак Зообакқа барамыз піл сияқты маң-маң басып, Зообакқа барамыз піл сияқты маң-</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>Мынау – керік. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс): Дидактикалық ойын «Бұл жабайы орман жануарлары» «Бұл ыстық елдің жабайы жануарлары» (суреттермен жұмыс) Бейнежазба көру «Жабайы аңдар» «Көлеңкесін тап» ойыны Балалар суретте бейнелеген жануарларды басқа жануарлар көлеңкесінен ажыратады, беттестіреді, атайды. Жаттап ал Мынау – керік, Мынау – піл. Неше керік, Неше піл? Мынау – түлкі, Мынау – кірпі. Неше түлкі, Неше кірпі? (Ә.Шапағат) Қорытынды: Аңдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p> <p><u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Үй жануарлары» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру;</p>		<p>маң басып. Маң-маңдаймыз, маң-маңдаймыз. Қорытынды: Аңдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>		
--	--	--	---	--	--

<p>қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Балалар, біз қайда тұрамыз? Біз үйде тұрамыз. Үй жануарларының дыбыстарын тыңдау (аудио жазба) Балалар, бұл ненің дыбысы? Үй жануарларының дыбысы. Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі үй жануарларының атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. Топпен жұмыс (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – жылқы, жыл – қ-қ-қ-қ-қ-қы. Мынау – сиыр. Мынау – қой, қ-қ-қ-қ-қой. Мынау – ешкі, еш – кі-і-і-і-і-і. Мынау – мысық, мы-сық-қ-қ-қ-к. Мынау – ит.</p> <p>Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс): Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс) Дидактикалық ойын «Біреу және көп» Жылқы – жылқылар. Сиыр – сиырлар. Қой – қойлар.</p>				
--	--	--	--	--

	<p>Ешкі – ешкілер. Мысық – мысықтар. Ит – иттер. Қимылды әрекет: Фермада Қарт Макдональд фермасы Иа-иа-иоу, Сол фермада бар сиыры Иа-иа-иоу. Сиыр қандай дыбыс шығарады? Мө-мө, мө-мө. Қарт Макдональд фермасы.</p> <p>Қорытынды: үй жануарларының қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Ортаңғы топ Дидактикалық ойын «Біреу және көп» Жылқы – жылқылар. Сиыр – сиырлар. Қой – қойлар. Ешкі – ешкілер. Мысық – мысықтар. Ит – иттер. <u>Мектепалды топ</u> Жаттап ал Мынау – керік, Мынау – піл. Неше керік, Неше піл? Мынау – түлкі, Мынау – кірпі. Неше түлкі,</p>		<p>Ортаңғы топ Топпен жұмыс Мынау – жылқы, жыл – қ-қ-қ-қ-қы. Мынау – сиыр. Мынау – қой, қ-қ-қ-қ-қой. Мынау – мысық, мы-сық-қ-қ-қ-қ. Мынау – ит. «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша <u>Мектепалды топ</u> Үлгі бойынша айт Мынау – қоян. Ол кішкентай. Оның түсі ақ. Мынау – аю. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр. Мынау – түлкі. Ол кішкентай.</p>		

	Неше кірпі? (Ә.Шапағат)		Оның түсі қызғылт сары.		
<p style="text-align: center;">«Ою» сергіту сәті Алақанды жазамыз, Оңға бұйра сызамыз, Солға иіп сызамыз, Құс қанатын өрнектеп, Биіктерге самғайық. Әр өрнектің сыры бар Шын жүректен сыйлайық.</p> <p style="text-align: center;">https://www.instagram.com/share/BAHbeeKIN</p> <p style="text-align: center;">«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>					